

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Касымханова Д.Е				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	19.12 - 23.12.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай				

әңгімелесу, кеңес беру	зерттей алады?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.
	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта	Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Баланы педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай орындауға ынталандыру;	"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан	Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді саусақтардың қимылдарымен қайталауға ынталандыру;	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен

	тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады. - Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук".	эмоциялық қабілеттерді дамыту. Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс. Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу) Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада, шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау) Саусаққа тиеді, байқа!	қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. - Шыршада өседі ойыншықтар, Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның инесін ұстама, Саусаққа тиеді, байқа! Шырша сыйлықты бермейді, - Тақпақты оқып бер! – дейді.	қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды.	сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке салайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.
--	--	--	---	--	---

		Шырша, шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.(шапалақтау)	Д. Ахметова	(жұдырықтармен өзара алдында айналдыру) Д. Ахметова	
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығу 1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру. 1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу. 1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру, екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет). 2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру. 2–1 жерге отыру, допты жерге қою. 2–2 бастапқы қалыпқа келу; 2–3 жерге отыру, допты жерге қою; 2– 4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); 3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру. 3–1 еңкею, допты жерге қою. 3–2 бастапқы қалыпқа келу; 3– 3 еңкею, допты жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдыдар "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Көркем сөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста!				

	Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. (музыка)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсат-міндеттер. Балаларды педагог лақтырған затты қағып алып, қайтадан лақтыру іскерліктерін дамыту; шарды қағып алып, қайтадан лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; жаңа жыл мерекесі жайлы балалардың ойларын	Музыка "Аяз ата сыйлығы". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	Дене шынықтыру "Допты қағып алу". Мақсат-міндеттер. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыру іскерліктерін пысықтау; өткен оқу қызметтерін пысықтай отырып, балалардың допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын жетілдіруге ықпал ету; балалардың Жаңа жыл мерекесі	Дене шынықтыру "Дөңге өрмелейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуға үйрету; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысына машықтандыру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу техникасымен таныстыру. Балалардың гимнастикалық қабырғаға өрмелеп	Сурет салудан ойын-жаттығу "Шыршадағы ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізден тез алып, өзге бос жерге ауыстырып отыруға

	дамыту; өз ойларымен бөлісуге ынтадандыру; ептіліктерін дамыту.		жайлы түсініктерін дамытып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын дамыту.	шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; гимнастикалық қабырғаға өрмелей білудің дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру.	жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге қоя білу қабілетін пысықтау; педагогтың үлгісіне қарап, ойын арқылы ілесіп отыруға дағдыландыру; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі

	ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.	жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3	әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын
--	--	--	--	---	--

				рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене шынықтыру)	ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдыдар "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.				

	Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Көркем сөз. Нан мен қасықты ал да, Тамақ ішуді баста! Тусипжанова-Шагирова А. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, педагог балаға жақындап, дұрыс отыруын сұрайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Күндізгі ұйқы	Белгілі шараларды: дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу, тыныш ұйқы, сақтай отырып, өз бетінше ұйқыға дайындалу дағдыларын қалыптастыру. Ұйқытатпақ. Жастыққа басынды қоя ғой, Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Күннің оянуы". "Күн осылай оянады" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды төмен түсіреді. (Баяу тұру, қолды әр сөзге алдыға, жоғары). "Жоғары, жоғары, жоғары" — б. қ.: тігінен тұрып қол екі жаққа. (Денені төмен еңкейту, қол тізеде, б.қ. келу) "Түнге қарай күн батады" — б. қ.: дәл солай. (Жүресінен отыру, қолды түсіру). "Төмен, төмен, төмен" — б.қ.: жүресінен отыру, қолды түсіреді. (Басты төмен - жоғары - төмен еңкейту). "Тамаша, тамаша" — б. қ.: тұрып. (Қол шапалақтау). "Күн күлімдеді" — б.қ.: тұрып, қол белде. (Денені оңға-солға бұру). "Ал күн астында біз тамаша өмір сүреміз" — б. қ.: дәл солай. (Бір орында бір жаққа айналу, ал кейін екінші жаққа). (2 рет қайталау) жолдарымен жүру. "Денсаулық" (Бедерлі тактай, уқалау жолақшалары, шөптер). Мақсаты: алғашқы мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауға жаттықтыру.

	"Мөлдір су" Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жуса таза болады, Беті - қолың, маңдайың. (көркем сөз, дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қасықты дұрыс ұстап үйренеміз". Балаларға қасық ұстап үйрету жұмысын жалғастыру. Ғажайып сәт. Қуыршақ Дана топқа қонаққа келеді, ол көжені аузына шашыратпай апара алмайтындығына байланысты көйлегін үнемі былғатып алады екен. Балалар қонаққа "Алақай" деген балабақша өлеңін айтып "тыныштандырады". Содан кейін педагог балаларға сиқырлы қасықтарын алып, Данаға көжені қалай ішуге болатындығын көрсетуді ұсынады. Соңында Дана балаларға сабақ үшін алғыс айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығармамен таныстыруда зейінін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттер. Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; басқа ағаштармен	Музыкадан ойын-жаттығу "Ғажайып сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән	Құрастырудан ойын-жаттығу "Мұнара". Мақсат-міндеттер. Балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың	"Дұрыс орналастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру. Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді

	басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.	салыстырмалы түрде алғанда шыршаның мәңгілік жасыл ағаш екені туралы және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік қалыптастыру.	айту дағдыларын меңгерту.	тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту.	салу керек. (сенсорика, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Өлең оқу. Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру). Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)	"Қыс" жыл мезгілі жайында әңгімелесу. (сюжеттік суреттерді қарастыру). Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы	"Салғыш ойыншықтармен" ойындар. Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол	"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес

			түсініктерін тиянақтау. (сөйлеуді дамыту)	моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр! (сенсорика)	саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?".

Тексерген: Бекишева М.А. 